


# Ветеринария адамзатты емдейді

Қазір ауыл шаруашылығы еліміздегі ең маңызды салалардың бірі болып табылады. Рас, ауыл тұрғындарының табысы тікелей мал шаруашылығына байланысты. Ал, ауылдың тұрақты дамуы мен халықтың әл-ауқатының артуы білікті мамандарға, әсіресе, мал дәрігерлеріне тәуелді. Өйткені, малдың көбеюіне, өсіп-өнуіне мал дәрігерінің тигізер көмегі зор. Ауру малдан тарайды. Ауру малдың өнімі аз болады. Сондықтан бүгінде жергілікті тұрғындар мал дәрігерін жиі іздейді. Осындайда шаруалардың қасынан табыла кетіп, тиісті көмегін беріп жүрген мамандардың бірі Шардара ауданындағы Қоссейіт ауылының мал дәрігері Жандос Нәбиұлы.



Жандос кішкентайынан малсақ болып өсті. Әкесі мен атасының жанында жүріп, мал күтімін, олардың ауруларын емдеуді үйренді. Өз кезегінде бұл қызығушылық оны мал дәрігері мамандығына жетеледі. Түркістан жоғарғы аграрлық колледжін бітіріп, маман ретінде туған ауылына оралды. Көшегідей ұжымшарлар, кеңшарлар болмағанымен, ауылда мал басын көбейтіп жатқандар баршылық. Қорадағы мал – күнкөрістің таптырмас көзі. Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған шаруашылықты дамыту үшін бірінші кезекте малдың жұқпалы, созылмалы ауруларын емдеп, түп-тамырымен жою керек. Колледжде оқып жүргенде «ветеринария адамзатты емдейді» деген ұстаздарының сөзінің мәнісін ол еңбекке араласа келе аңғарды.

– Малдың ауруы тұтас отбасының жағдайын да көрсетеді. Шаруаға қырсыз адамның малы ауруға бейім. Қазақ «бақпаса мал кетеді» деп бекер айтпаған, – дейді Жандос Нәбиұлы.

Оның айтуынша, мал дәрігері мен балалар дәрігерінің айырмашылығы жоқ. Өйткені, бала да, мал да сөйлей алмай-

ды. Сондықтан мал дәрігері малдың сыртқы тұрпатына, шөп жеуіне, басқа да қимыл-қозғалысына қарап-ақ жылқының не түйенің ауруын деп басып табуы керек. Бүгінде Жандос ауыл тұрғындарының сеніміне ие болған. Ол малды пышаққа ілдірмей аман алып қалудың нағыз шеберіне айналған.

Жандос Нәбиұлының еңбекқорлығы мен кәсіби біліктілігі ауылда жақсы бағаланады. Ол малды емдеп қана қоймай, тұрғындарға аурудың алдын алу шараларын да ұсынып, төрт түліктің күтімін де түсіндіреді. Ауыл тұрғындары мал шығынының айтарлықтай азайғанын айтып, Жандосқа алғыстарын жаудырып отыр.

– Ауылға Жандос келгелі мал арасындағы жұқпалы аурулар азайды. Ол үй-үйді аралап, мерзімді екпелерді уақтылы салып тұрады. Кейде шаруаларға мал күтімі туралы айтып тұрғанын көріп қаламыз, – дейді ауыл тұрғыны Сәуле Апиева.

Қазіргі кезде қыстан жүдеп шыққан мал көкке тойынып қалды. Бірақ, көктемнің көкөзек кезінде бірқатар аурудың қозатыны бар. Малды жылан шағып алуы мүмкін. Көзіне шөп кіріп

кететін жағдайлар да кездеседі. Міне, осындайда ауыл адамдары Жандосты іздеп жүреді. Ал, Жандос қандай жағдайда да, қандай мезгілде де сөмкесін асынып, малы ауырып тұрған адамның үйіне қарай кетіп бара жатады.

Бүгінде Жандос ауылдың үлгілі азаматы. Ол жастармен жиі кездесіп, оларға мамандық таңдау туралы жиі кеңес беріп тұрады, өзі сияқты ауылда қалуды таңдаған жастарды қолдайды және олардың білімді болғанын қалайды.

Иә, Жандос сияқты ауылдың тірегіне айналған жастардың көп болғаны қандай жақсы! Туған жерді түлету, бұл әрбір азаматтың, оның ішінде жастардың да басты борышы болуы керек. Оның адал еңбегі мен кәсіби шеберлігі арқасында Қоссейіт ауылының мал шаруашылығы қайта жанданып, тұрғындардың әл-ауқаты артып келеді. Жандостың еңбегі ауыл жастары үшін үлгі, ал, оның кәсібі – молшылықтың бастауы.

**Әсем ТӨЛЕН,**  
**М.Әуезов атындағы**  
**Оңтүстік Қазақстан**  
**университетінің 4-курс**  
**студенті.**